

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ



Білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық басылым

F00037

16.04.2025 ж



**2
0
2
5**

**ЖИРЕНОВА
ВЕНЕРА БЕКЕНОВНА**
Орыс тілі пәні мұғалімі,
педагог-зерттеуші

БҚО, Теректі ауданы
«Ақжайық ЖОББМ» КММ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

16.04.2025 жыл | № F00037

**Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым**

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы
Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Редактор: Нагиев И. Б.
Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың
авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.
Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің

Ақпарат комитетінде тіркелген.

Күәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2025 жыл Телефон: 8 777 055 0590

БІЛІМГЕ АПАРАТЫН ЕҢ АСЫЛ ЖОЛ – ОЙ ТОЛҒАУ ЖОЛЫ

ЖИРЕНОВА ВЕНЕРА БЕКЕНОВНА

**Орыс тілі пәні мұғалімі, педагог-зерттеуші
БҚО, Теректі ауданы «Ақжайық ЖОББМ» КММ**

Біздер ауылдық қазақ мектебінің мұғалімдеріміз. Ұстаздық жолымызда біраз жылдан бері әлемнің психология, методика, философия ғылымдарының жетістіктерін зерттеп, көптеген технологияларды меңгеріп келеміз.

Жобалау, ассоциация, проблемалық оқыту, сыни тұрғыдан ойлау технологиялары ішінде инновациялық әдіс – биотехнологиямен қаруланған ұстаздар ретінде бүгінгі цифрлық қарқынды дамыған қоғамда «Білім беру 4.0: дербестендіру, саралап және даралап оқытудың» жаңа моделін жүзеге асыруда ең қажет әдіс – биотехнология әдісі. Басқа әдістермен салыстырғанда биотехнологияның ерекшелігі – бұл жоғары ғылыми технология.

Ол адамның генетикалық-детерминистік жолмен әлемді тану табиғи механизміне негізделген «ойлау өнері». «Қырықтың бірі – Қыдыр» демекші, әлемде ойлау жолының 40 түрі болса, соның біреуі – біртұтас ойлау жүйесі және тұлға базисі. Ол да биотехнология еншісінде. Сондықтан білім саласына бұл технологияның қажеттілігі қаншалықты деген сұраққа, ең бастысы, Қазақстанның дербес тәуелсіз мемлекет болып дамуының бүгінгі деңгейі – «Қазақстан – 2050» саяси бағытында дамып келетін мемлекетке дені мен жаны сау, интеллектуалды, мәдениетті ұрпақ тәрбиелеу тікелей мектеп ұстаздарына қатысты болғандықтан, ұстаздар қауымының санасымен бірге потенциалы да артып келетіндігі. Сондықтан да әр потенциалды тұлғаның өз бетімен дамуы, өз өзін реттеуі – дербес оқытуды қажет етеді.

Зерттеуімізді «Әлемдік практикада дербестендіру жағдайы қаншалықты?» деген проблемалық сұрақ аясында жүргізер болсақ, Ресей педагогтерінің жетекші күші пікірлерінің көзқарасы бойынша, ертеңгі маман технологияларды меңгеріп қоймай, шығармашыл, креативті, тез бейімделуді қажет ететін дағдылары да болған жөн. Сондықтан «Білім беру 4.0» – төртінші өнеркәсіптік революция секілді, ішкі жан дүниелерінде де «революция» болуы тиіс.

Осы тезис аясында биотехнология өз зерттеуінде жобалау, дедукция, ассоциация, сыни тұрғыдан ойлау технологиялары арқылы потенциалды тұлғалардың ойлау жүйесін біртұтас ойлау жүйесіне трансформациялау арқылы конструктивистік энергиямен қаруландыру жолдарын мектепте оқу-тәрбие процесінде мұғалімдердің шығармашыл, креативті идеялар арқылы жүзеге асырылады. Нәтижесінде оқытудың 5 түрінің 4,5-ші сапалы түріне қалай қол жеткізуге болатынын Блум Таксономиясының анализ, синтез, бағалау деңгейінде қорытынды жасайды.

Оқытудың 5 нәтижесін есімізге түсірер болсақ, көп білу, есте сақтау, көп ақпарат алу – академиялық білімге бағытталса, мағынасын түсіну, ассоциациялау немесе басқа қырынан көру – «ойлау өнерінің» көрінісі болып келеді.

Дербестік оқытуға қатысты ресейлік М.В.Ломоносов атындағы ММУ қызметкері Инга Николаевнаның айтуынша, жасанды интеллект негізінде оқытуды толық дербестендіру мақсатына жетуі мүмкін емес екеніне тоқталды.

Сөзінің жаны бар демекші, шынында, оқытуды толық дербестендірудің бірде бір жолы – табиғи интеллектісінің дамуы негізінде. Ол – сана көздері, екі жақ мидың ойлау процесі үндестікте болуы. Бұл жағдайды да зерттейтін ғылыми технология.

Ал тағы бір ресейлік Герман Грефтің ойынша, қазіргі дербестік оқыту Пушкиннің күтушісіне жету мүмкін емес депті, себебі Анна Родионовна өз тәрбиеленушісінің барлық қажеттілігін білген. Ал қазіргі заманның тәрбиешілері де, мектептегі 30 оқушысы бар мұғалімдері де әр оқушыға жеке даму маршрутын жасай алмайды, себебі олардың қажеттіліктерін жақсы білмегендіктен, екіншіден, әрқайсысымен жеке жұмыстануға уақыт жеткізу мүмкін емес екендігінен. Бұл проблеманың туылуы – әр мұғалім өз пәнін меңгертуін индукция әдісі негізінде жүзеге асыруында.

Және де қазіргі қарқынды дамыған әлемде өзгерістермен бірге аяқ басу үшін, заманның жаңалықтарынан қалмай отырып, оқушыларды жаңа дағдылармен қаруландыру үшін мұғалімдердің де технологиялары оқу процесінде шығармашылық пен креативті идеялармен жүзеге асырылуы тиіс. Осы жағдайда биотехнологияның дедукциялық бағытындағы маршруты – оқытуды дербестендірудің дара жолы болып табылады.

Жалпыдан жекеге қарай бағыттау деген сөз – глобальдық мәселелерді қозғау арқылы, және оларды шешуде алға дамуы – жеке тұлғаның проблемаларын шешуін көздейді. Яғни дедукция әдісі арқылы оқушыны терең ойлауға жетелеген биотехнология қызығушылығын арттыра отырып өз бетімен білім алуына, өз-өзін реттеуіне дағдыландырады.

Осындай кіріспеден, әдебиетке шолу жасалған зерттеу әдістері бар, күтілетін нәтижесі қандай болатыны туралы қорытындыланған теориялық философияға мысал келтіретін болсақ

«Z-ұрпағын тәрбиелеудегі дербес жол» практикалық сабақтың қайнар көзі «Z-ұрпағымен тиімді өзара әрекеттесудің құпиялары қандай?» деген проблемалық сұраққа жоғарыдағы теория толық ақпарат болатыны сөзсіз.

Ал дербес тәсіл «Алтын қима», яғни «Золотое сечение» или «Божественная гармония» - бөлшек және бүтіннің сәйкестендіру ережесі төменде берілген:

тезисті дәлелдеуде проблемалық сұрақтың шешімін тауып береді.

Шешу жолдары:

– ұрпақтар үндестігі – біртұтас.

1. X-ұрпағының ерекшелігі: (1967-1985) жылдар арасындағы үш мәрте дүниеге келген: 1967, 1975, 1985 индиголар, табиғи дарындылар, табиғи жолмен дамып келетін потенциалды базистік тұлғалар. Олардың табиғи ерекшеліктері: бейімделу, трансформациялану, креативтілік, шығармашылық, биологиялық компьютерді меңгерген, сана көзі ашық. Уақыттың әр заманында өзіндік дамудың дербес жолын биологиялық жолмен қалыптастырады.

Мысалы, X-67-ұрпағының өмірінің 3 кезеңіндегі дербес даму жолы:

Х-ұрпағының алғашқы индигосы	Х мектеп жасы (1975-1985) X	Х жастық шақ (1986-1997) XУ	Х орта жас (2000-2023...) XУZ
Кезеңдер	Совет Одағы	Тәуелсіз Қазақстан	Цифрлық қоғам
Тұлғаның даму ерекшелігі:	Жад арқылы академиялық білім алу, жоғары интеллект Қазақ тілі мен ойлау жүйесі	Орыс тілі Жад арқылы академиялық білім – жоғары интеллект Табиғи дамуы қозғалыста	Тұлғаның өз бетімен дербес дамуы Жоғары интеллект Ойлау жүйесінің дамуы
Қорытынды	тұлғаның дамуы қозғалыссыз	тұлғаның үндестік үшін күресуі	үндестік

Ұрпақтардың өзара әрекеттесудің құпиялары қандай?

Х	Х-ерекшелігі: табиғатқа сай дамуында екі жақ миы үндестікте болуы тиіс еді		
Бүгінгі таңда У-ұрпағының даму көрінісі		Х-тің сол жақ ми даму ерекшелігін У-ұрпағына дариды XУ	

Бүгінгі таңда Z-ұрпағының даму көрінісі			X-тің оң жақ ми даму ерекшелігі Z-ұрпағына дариды XZ
Қорытынды	Осы кезеңдегі X-тің табиғатқа сай дамымауы	У-ұрпағы қоршаған ортаны экологиялық дағдарыстарға әкелді Z-ұрпағы өз тұлғасын дағдарысқа әкелді Сондықтан YZ үндестікте өзара қатынаста болуы үшін табиғатқа сай дамуы тиіс, яғни жасанды интеллект арқылы емес.	Реттелу жолы қаншалықты? X-ұрпағының екі жақ мидың үндестігі негізінде: үш ұрпақтың біртұтас болуына У-ұрпағы X пен Z байланыстыру арқылы жүзеге асады XUZ

Сөзімізді қорытындылай отырып, неліктен дербестік оқыту әдісі жүзеге толық асырылмай келеді деген сұраққа жауап берер болсақ, тұлғаның табиғатын жасанды түрде өзгертуге болмайды, оның өзінің заңдылығы бар. Сондықтан, тұлғаның табиғи дамуы әлемнің табиғи дамуымен үндестікте болуы қажет.

Оқытуды дербестендіру үшін әлемнің табиғи даму құқығына қол сұғылмауы тиіс. Осындай философияны адамзат пен білім саласы қабылдаса, адам қоршаған ортамен үндестікте болар еді.

Әдебиет:

- Биотехнология в ноосферном образовании. РАЕН
- cyberleninka.ru «Образование 4.0» в эпоху цифровой трансформации. А.А.Паскова
- Шығармашылық жұмыс «Мердігерлік шарттың жаңа философиясы». Жиренова В.Б.
- Авторлық бағдарлама «Педагогическое мышление: педагогическая философия и интеллект». Жиренова В.Б.